



Құрыш қала
қыстан
қысылмай ма?

2-бет



Екінші
мүмкіндік

5-бет



Апалы-
сіңілілердің
алтыны

8-бет



Білім баспалдағы болашаққа бастайды

Еліміздің білім беру жүйесіне жаңа реформалар мен бастамалар. Айталық, жаңа оқу жылынан бастап, оқушыларға біліммен қоса тәрбиеге баса мән беріліп, мектептерде жаңа бағдарламалар қолданылады. Ұстаздардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлініп, оқу пәндеріне жасанды интеллект элементтері енгізіле бастайды. Сонымен қоса, балалар қауіпсіздігі мәселесі назардан тыс қалмайды. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында колледждерде де бірқатар бастамалар қолға алынды. Ғылым және жоғары білім беруде де тың реформалар бар. Ендеше, тарқаталық.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектептердегі маңызды қадам

Жаңа оқу жылында орта білім беру жүйесіне енгізілетін өзгерістер көп. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев педагогтердің тамыз конференциясында айтқан өзекті ойлары негізінде іске аспақ.

Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Осы орайда өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастардың адал әрі еңбеккер боп өсуіне ерекше мән беру керек» деген болатын. Сондықтан «Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыпта-сады» деді Президент. Осыған сай жаңа оқу жылынан еліміздегі барлық мектептерде біртұтас тәрбие беруге бағытталған «Адал азамат» бағдарламасы енгізілмек. Бұл оқушыларға адалдық, еңбеккорлық, патриотизм қасиеттерін сіңіру, мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат етеді. Қарағанды облысында бала тәрбиесінде ата-ананың ролін арттыру



үшін мектептер мен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа үлгілерін енгізу бойынша 16 жоба іске асырылуда. Сондай-ақ, ата-аналар мен оқушылардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында өңірдің барлық мектептерінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» мен «Даналық мектебі» клубтары жұмыс істейді.


Жаңа оқу жылынан бастап, еліміздің мектептерінде ішкі безендіруді біріздендіру бойынша бірыңғай дизайн-код кезең-кезеңімен енгізілмек. Бүгінде 100-

ден астам жаңа «Келешек мектептері» бекітілген брендбук негізінде салынып жатыр. Алдағы уақытта бұл стиль 1 300 мектептің жөндеу жұмыстары барысында да қолданылады. Келешекте дизайн-код елдегі барлық білім беру ұйымдарын қамтитын болады. Мектептің ішкі келбеті – ұлттық мәдениет айнасы болмақ. «Адал азамат» бағдарламасы негізінде Қарағанды облысының мектептері де брендбук пайдалануға көшеді.

Жаңа оқу жылында енгізілетін жаңалық – мектептерде «Цифрлық сауат-

тылық» және «Информатика» пәндеріне жасанды интеллект элементтерін қолдану. Орта білім беру жүйесінде AI-ды қолданудың этикалық стандарттары бекітілген. Оқушыларға арналған Day of AI онлайн-курстары, педагогтерге арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары әзірленуде. Бұл туралы Қарағанды облысы педагогтерінің тамыз конференциясында да айтылған болатын.

Сонымен қоса, балалар қауіпсіздігі мәселесі назардан тыс қалмақ емес. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше,



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

барлық білім беру деңгейлерінде инклюзиядан бастап, бала құқықтарына дейінгі ең маңызды мәселелерді қозғайтын ауқымды бастама дайындалып жатыр.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық білім беру деңгейінде енгізілетін кешенді «Қазақстан балалары» бағдарламасы әзірленуде. Құжатта балалардың құқықтарын қорғау, олардың әл-ауқатын арттыру, инклюзивті білім беруді дамыту және қауіпсіз орта қалыптастыру бағыттары қамтылған», – делінген ведомство мәлімдемесінде.

Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына ерекше мән берілуде. Осы орайда Оқу-ағарту министрлігі педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және олардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету үшін «Ұстаз» онлайн-платформасын іске қосты. Платформа педагогтерге цифрлық ресурстарға, әдістемелік материалдарға және кәсіби даму курстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Келесі оқу жылында мектеп бағдарламаларының мазмұнын жаңартып, тұлғаны жан-жақты дамытуға басымдық беретін жаңа білім стандарты қабылданады. Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығымен бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітіліп, 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Жаңа редакция білім мазмұнын оңтайландыруға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіруге, білім сапасын арттыруға бағытталды.

➤ 3-бет

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Жас зерттеушілер сапы толықты

Магистратура бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған білім беру гранттары иегерлерінің тізімі жарияланды. Биыл конкурсқа қатысу үшін 20 мыңнан астам өтініш түскен. Бұл көрсеткіш – өткен жылмен салыстырғанда 5 мыңға артық.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім беру гранттары кешенді тестілеу (КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде тағайындалды. Республикалық комиссия құрамында болған министрліктің, мүдделі мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіподақтарының өкілдері, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен қоғамдық ұйым өкілдері грант иегерлерінің тізімін бекітті.

Болашақ магистранттар арасында «Педагогикалық ғылымдар», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» секілді білім беру бағыттары сұранысқа ие болды. Нәтижесінде ғылыми-педагогикалық бағыт

бойынша 75 балдан, бейіндік бағыт бойынша 30 балдан жоғары жинаған талапкерлер қатысты. Жалпы конкурсқа қатысу үшін 20 мыңнан астам өтініш түскен.

Жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау 2025 жылдың 28 тамызына дейін (қоса алғанда) жүргізіледі.

Еске сала кетейік, грант иегерлерінің тізімі 23 тамыз күні ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ұлттық тестілеу орталығының ресми әлеуметтік желілерінде жарияланған болатын.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Аймақ брендінің амбассадорлары

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы ауылдардағы үздік колөнер шеберлері мен ұлттық асханамызды жаңғыртып жүрген өндірушілердің кәсібіне қолдау көрсетеді. Осы жоба аясында облыстың бренд амбассадорлары мәлім болды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаға қатысқан Арайлым Қыстаубай жүннен жасалған кілемдер мен әшекейлі бұйымдарын ұсынды. Ол – Қарқаралы қаласының тұрғыны, 5 баланың анасы.

– Мектепте енбек ете жүріп, қолым қалт еткенде колөнерге көңіл бөлемін. Қарқаралы қаласында ұлттық құндылықты дәріптеп, халыққа пайдасы тиетіндей енбек еткім келеді. Ұлттық құндылығымызды насихаттасам деймін. Әр қазақ өрісінде қой өрбітіп, түйе бағып, жылқы баптаған. Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – қойдың жүні. Осы қойдың жүнін қалай іске асыра-рын білмей, далада шашылып, ақыр аяғы амалсыз өртеп жатқанын көзім көргенде, қынжылдым. Ата-баба-мыз қашан да киіздің қасиетін біліп,



көшпенді халық қой жүнін бірегей қажетіне жаратқанда, қазіргі заманда неге оны қайта жаңғыртпасақ деген ой келді. Бала күнімізнен анамның қасында жүріп, қой жүнінен киіз басу өнерін қолға алдым. Арнайы технологиямен киіз басудың ақылы курсы оқып, қойдың жүнінен аяқ киім, картина, сөмке, көжекей, текемет, сырмақ сияқты дүниелерді жасап жүрмін. Жүн басу өнерінен бөлек іс тігумен айналысамын. Қыз жасауын да жинаймын. Жасаған дүниелерімді әлеуметтік желілер арқылы жарнамаймын. Айына киіз аяқ киімге 3-4 тапсырыс түседі. Киіз басудың өзі таза қол еңбегі болғандықтан біраз уақыт алады. Қазіргі таңда үй ауласында өзімнің арнайы шеберханам бар, – деді Арайлым Қыстаубай.

Шебер келешекте Қарқаралыда жүн тазалап, түтіп, дайын өнім шығаратын арнайы цех ашуды жоспарлап отыр. «Ауылдардағы шаруа қожалықтары қазіргі таңда қой жүнін қайда жіберерін білмей отырғандарын айтты. «Жүн өңдеу мәселесі жүйеленсе» деген тілегін жеткізді.


Дәмелі Ермекова болса, колөнерге арналған жинақтарын көрсетті.

➤ 8-бет

• ГАЗДАНДЫРУ

Көгілдір отынның қызығын көреді

Облыста ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – газдандыру жұмыстары жалғасуда. Бүгінде Қарағанды мен Теміртауда газ таратушы желілер 9 589 жеке тұрғын үйге жеткізіліп, соның 5 417-сі жүйеге қосылды.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев Қарағанды қаласында 6 мыңнан астам, Теміртауда 3,5 мыңға жуық үйге газ желілері тартылғанын айтады. Қазіргі таңда бес мыңнан астам абонент көгілдір отынға қол жеткізіп отыр. Газға қосу жұмыстары ТКШ жаңғырту орталығы арқылы жүргізілуде.

Қарағанды қаласында газдандыру төрт кезек бойынша жүзеге асырылуда. Қала әкімінің орынбасары Қайрат Қамзиннің мәліметінше, бүгінде 4-ші іске қосу кешені бойынша жұмыстар жалғасуда. Биыл Федоровка мен Үлкен Михайловка станциялары толық аяқталады. 5-ші кешенде мердігердің ескертулерді жою жұмыстары жүріп жатыр. Ал, 6-шы кешен – «Таугұл» және «Күңгей» шағынаудандарына қатысты жоба түзетіліп, мемлекеттік сараптамада қаралуда.

Теміртауда газдандыру сегіз іске қосу кешені арқылы жүргізілуде. Теміртау қаласы әкімі Ғалым Өшімовтің айтуынша, шаһардың басым бөлігі газға қосылған. Әзірге «Отрядный» ықшамау-

даны, 9А, АБВ кварталы және нан зауыты маңы қамтылмаған. «Қазіргі таңда үш мыңнан астам абонент газға қосылды. Қыркүйек айының басына дейін барлық жұмыстар аяқталуы тиіс», – деді ол.

Шахтинскіде көгілдір отын тарту жұмыстары 2023 жылы басталған. Қазірдің өзінде 18 шақырымнан астам жоғары қысымды газ құбыры жүргізіліп, газ тарату станциясы салынды. Жалпы ұзындығы 229 шақырымнан асатын желі төселіп, 1 434 үйді қосу жоспарланған. Биыл Солтүстік-Батыс кентін газдандыру аяқталады, қала ішінде кварталаралық желілер төселуде.

Газдандыру ауылдарға да жетпек. Ақсу-Аюлы, Еркіндік, Өспен, Сәкен Сейфуллин ауылдары мен Ақтау және Мұстафин кенттерін газбен қамту жобалары оң қорытынды алған. Бұл жұмыстар 16 мыңнан астам тұрғынды қамтиды.

Жиын қорытындысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жанауыты органдарға нақты тапсырма берді.

– Ең алдымен, тұрғын үйлерді газ желісіне қосу жұмыстарын жандандыру қажет. Газдандыру бойынша барлық жобалардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстауымыз керек, – деді өңір басшысы.

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Құрыш қала қыстан қысылмай ма?

Теміртау биылғы қысты алаңсыз қарсы алуға барын салуда. Жылыту маусымына дайындық барысын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы жұмыс сапарында қадағалады.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Басты назарда – жылу жүйелерін жаңғырту. Мичурин көшесінде ұзындығы 4,1 шақырым үшінші жылу құбыры қайта салынуда. Сондай-ақ, қыста жылу ысырабын азайтып, тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Құрылысшылар даңғылындағы желілер де жаңартылып жатыр.

ЖЭО-2 станциясында №5 қазандық пен №1 турбинаға күрделі жөндеу аяқталды. Қазір №6 қазандықта жұмыс жүргізілуде, ал, жуық арада тағы бір қазандық ағымдағы жөндеуге шығарылмақ. Жылыту маусымы басталғанға дейін төрт қазандық толық дайын болады. Бұл қалаға үздіксіз жылу беруге жол ашпақ.

Ескі қаланы жылумен қамтып отырған ҚарМАЭС-1 станциясында да жұмыс қарқыны бәсең емес. Мұнда №9 және №11 қазандықтарға жөндеу жасалып, қазан айының соңына қарай №10 қазандық іске қосылады. Қалыпты жылыту маусымы үшін бір қазандық жеткілікті болса да, кәсіпорын алдын ала екеуін дайындап қойды. Қысқы ең суық шақта барлық қазандықтың іске қосылуы жоспарланған. Сонымен қатар, 29 тамыздан №8 турбина күрделі жөндеуден өтеді. Қосымша жабдықтар әзірленіп, күл-қожоймасындағы еңістер қалпына келтірілуде, шаңданудың алдын алу шаралары жасалуда.

Биыл Теміртауда 21 шақырым магистральдық және шамамен 8 шақырым ауларалық жылу



желілері жаңартылады. Сонымен қатар, су құбыры мен кәріз жүйелеріне де назар аударылып отыр.

– Биыл жергілікті бюджет есебінен ұзындығы 3,5 шақырымды құрайтын Заводская көшесіндегі су құбыры қайта жаңғыртылуда. Бұл Соцгород пен қаланың орталық бөлігіндегі тұрғындарға ауызсу қысымын арттыруға мүмкіндік береді, – деді Теміртау қаласының әкімі Ғалым Өшімов.

Жалпы ұзындығы 87,9 шақырымды құрайтын жана су құбыры желілерінің құрылысы да жүріп жатыр. Ал, су бұру жүйелері бойынша 57,5 шақырымдық желі салынуда, оның 46,4 шақырымы бүгінде аяқталды. Барлық жұмыстар

жыл соңына дейін толық мәреге жетеді.

Қалада алғаш рет электр беру желілерінің құрылысы қолға алынды. Ұзындығы 37 шақырым болатын төрт жаңа жоба электр энергиясын тұрақты жеткізуді қамтамасыз етіп, желілердің өткізу қабілетін арттырады.

Қала маңындағы Ақтау кентінде де жұмыс белгіленген кестеге сай жүргізілуде. Мұнда қазандыққа жеткілікті көлемде көмір қоры жиналып, жабдықтар жаңартылууда.

Ермағанбет Бөлекпаев жөндеу жұмыстарын уақытылы аяқтауды тапсырды.

– Теміртау әкіміне 20 қыркүй-

екке дейін барлық жоспарланған шараларды, соның ішінде, жүйелерді гидравликалық сынақтан өткізуді аяқтауды тапсырамын. Ең басты міндет – көпқабатты тұрғын үйлерді уақытылы қабылдап алу. Коммуналдық кәсіпорындар жабдықтардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі тиіс. Ал, білім беру, мәдениет және спорт нысандарының басшылары 1 қыркүйекке дейін ғимараттарды дайындап, дайындық паспорттарын рәсімдеп, отын қорын толықтыруы қажет. Бұл мәселе ерекше бақылауда, – деді аймақ басшысы.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Тосын апатқа тосқауыл

Өрт сөндіру саласында соңғы жылдары кешенді шаралар қолға алынды. Ауылдық жерлерде жаңа бекеттер ашылып, еріктілер дайындалып, заманауи техника әкелінді. Орман-тоғайды бақылауға дрондар мен спутниктік жүйелер қосылды. Шынымен де, шалғайдағы елдімекенде төтенше жағдай орын алса, көмек жеткенше уақыт алтыңға пара-пар. Сондықтан, бүгінгі күні ауылдағы әрбір жаңа өрт сөндіру бекеті – тұрғындар үшін нағыз қауіпсіздік қалқанына айналып отыр. Осындай кең көлемді жұмыстардың бір көрінісі ретінде Нұра ауданының Ахмет ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті іске қосылды.

Енді мұнда төрт құтқарушы тәулік бойы кезекшілік атқарады. Қызметкерлер үшін диспетчерлік бөлме мен демалыс орны қарастырылған.

Ахмет ауылындағы бекет бір ғана елдімекенді қамтиды, онда 1 320 адам тұрады.

Соңғы жылдары «Ауыл құтқарушылары» департаменттік бағдарламасы аясында облыста 58 өрт сөндіру бекеті ашылды. Олар 126 елдімекенге қызмет көрсетеді, онда барлығы 65 959 тұрғын тұрады. Бағдарлама ауылдық жерлердегі өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Жақында осы бағдарлама бойынша ауылдық округтерге 12 жаңа өрт сөндіру техникасы берілді, олар ерікті өрт сөндіру құрамдарына көмек көрсетуге арналған.

Аймақта өрт сөндіру мен төтенше жағдайлардың салдарын жоюда еріктілерді дайындау мен оқытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Ең көп өрт сөндіру бекеттері Нұра ауданында – 19. Екінші орында – Осакаров ауданы, мұнда 10 бекет жұмыс істейді. Шет ауданында – 8 бекет, Бұқар жырау мен Қарқаралы аудандарында сәйкесінше 6 және 7 бекет, Ақтоғай ауданында – 5, Абай ауданында – 2, ал,



Балқашта – 1 бекет жұмыс істейді.

Бұл нысандар заманауи техникамен жабдықталған: автоцистерналар, мотопомпалар, «Ермак» қондырғылары, жағалаулық өрт сөндіргіш помпалар және басқа да құралдар бар.

Өрт сөндіру бекеттерін құру қажеттілігі – шалғай елдімекендерде төтенше жағдайларды жоюға жұмсалатын

уақытты қысқарту.

Қарағанды облысының ауылдық жерлеріндегі жаңа өрт сөндіру бекеттері «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы бойынша 2027 жылға дейін ашылады.

Облыстың шалғайдағы елдімекендерінде өрт қауіпсіздігін дамыту жұмыстары жалғаса береді. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өзінің Facebook-тегі парақшасында жариялады. «Биыл «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 7,5 мың тұрғыны бар 18 елдімекенде өрттер мен басқа да төтенше жағдайларға тез ден қоятын 9 өрт сөндіру бекетін ашуды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі таңда облыста барлығы 58 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді, олар 66 мың адам тұратын 126 елдімекеннің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өртке қарсы қызмет техникасын жаңарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Биыл өрт сөндірушілерге 21 бірлік заманауи арнайы техника мен 48 машина берілді. Осы арқылы біз кез келген төтенше жағдай кезінде қажетті көмектің жылдам, әрі тез келуін қамтамасыз етеміз», – деді аймақ басшысы.

Өз тілшімізден

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жастықтың оты жалындап

Көкпекті ауылының сыртындағы «Derby Village» демалыс аймағында Бұқар жырау ауданы жастарының форумы өтіп, бұл олардың жігерін жанып, келешекке құлшындырған күн болды.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеңінен пікір алмасу түрінде өткен жиынға Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын мен аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әли, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Айсұлу Ерниязова, «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Арафат Мәжитов, облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Көбегенов, ауданның түрлі салада жетістікке қол жеткізген белсенділері, аудандық мәслихаттың депутаттары қатысып, жиында аудан әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға арналған гранттары мен жыл сайынғы «Жігер» сыйлығы, еріктілер мен «Жасыл ел» жасақтары мүшелеріне марапаттар берілді.

Бұқар жырау аудандық Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Ернат Әбутаев бастан-аяқ жүргізіп отырған жиынның басында оған жиналған жастар аудан әкімі Ерлан Құсайын мен Айсұлу Ерниязоваға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, алдағы жоспарларын ортаға салып, одан кейін гранттар мен сыйлықтар, марапаттар тапсыруға кезек берілді.

Осы рәсім үстінде сөйлеген Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын:

– «Мен жастарға сенемін» деп Мағжан ақын айтқандай, еліміздің болашағы жастарға артар сенім болды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та сіздерді үнемі қолдап, әр сөзінде айтып отырады. Өмірлеріңіздің жалындаған бұл кезеңі нағыз жұмысты жапырып істеп, жарқылдап көзге түсетін уақыттарыңыз. Биылғы Конституцияның 30 жылдығы мен «Жұмысшы мамандықтарының жылында» өтіп отырған бұл басқосу соған серпін береді деп ойлаймын, – деді.

Бұдан кейін сөйлеген «Кемеңгер басшы ізімен» естеліктер жинағының авторы, «Жігер» жастар сыйлығының 2021 жылғы лауреаты Айжан Қали, тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Әділхан Төлегенов, белсенді волонтер Нұржан Берікбаев мемлекетіміздің жастарға көрсетіп отырған қамқорлығы мен аудан әкімінің қолдауына алғыстарын

айтып, ризашылықтарын жеткізді.

Осы жолы Бұқар жырау ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға арналған 2025 жылғы гранттары 8 адамға табыс етілді. Соның ішінде, Safe Doner мен тігін ательесін ашуға ниет білдірген Рамиль Рымтаев пен Жібек Жұмағұлова, Венера Изикенова 1 жарым миллион теңгені, бояу цехын ашпақ болған Олжас Нұрқенов 1 миллион 800 мың теңгені, ал, сүт өнімдерін сататын Акерке Амандықова, жол бойында кафе ашатын Жарасхан Қабылқайыров, жартылай ет фабрикаларын дайындайтын Станислав Макаренко, шиномонтажбен айналысатын Данил Береговский 2 миллион теңгеден аудан әкімінің гранттарын алды.

Келесі кезекте Ерлан Құсайын аудан әкімінің биылғы «Жігер» жастар сыйлығын түрлі аталымда 6 адамға табыс етті. Олардың арасында «Жылдың үздік жас жұмысшысы» Дулат Балттин, «Жылдың үздік спортшысы» Данил Кнестиков, «Жылдың үздік жас кәсіпкері» Назар Оспанов, «Жас талант» Қуандық Төкенов, «Жастар саясатын іске асыруға қосқан үлесі үшін» Василий Еркович, «Женіске деген ұмтылысы пен ерік үшін» Ескендір Ақыбаев бар.

Келесі кезекте Айсұлу Ерниязова Ростовка тірек мектебінің мұғалімі Айжан Қали мен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы Аяз Сарбасовқа, тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Әділхан Төлегеновке облыс әкімі орынбасарының және белсенді еріктілер Қуантай Айтбеков, Қылышбек Бижанов, Нұржан Берікбаев, Глафира Ларичева, Ескендір Ақыбаевқа облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың Алғыс хаттарын табыстады.

Сонымен қатар жиында «Жасыл ел» еңбек жасақтарының үздіктері Серікжан Тілеубек, Тимур Ахмеджанов, Александр Одинцов, Александр Кнаудель, Алеся Махова, Маргарита Халатова мен Никита Лактионов та марапатқа ие болды.

Сонынан басулық марапат иелері ескерткіш суретке түсті. Бұл күнгі жиын, шын мәнінде, аудан жастарын қанаттандырып, келешек жарқын жеңістерге бастары анық.

Бұқар жырау ауданы

«Бір бала – бір ваучер»: жаңа жүйе тең мүмкіндікті көздейді

Еліміздің қосымша білім беру жүйесінде жаңа пилоттық жоба іске қосылды. Бұл қанатқақты жоба республиканың 6 өңірінде жүзеге асырылуда. Сол өңірлердің қатарында Қарағанды облысы да бар. Кенді өлке – пилоттық жобаны толық аймақ көлемінде алғашқы болып енгізуде. Аталған жоба балалардың қосымша білім алуын ваучерлік жүйе арқылы қаржыландыруға негізделеді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Балалар бірыңғай кезекке қойылады

Пилоттық жоба Астана, Шымкент, Қарағанды, Қызылорда, Атырау және Ақтөбе қалаларында іске қосылды. Негізгі мақсат – мемлекеттік және жекеменшік спорт секцияларын, шығармашылық үйірмелер мен қосымша білім беру курстарын бірыңғай цифрлық платформаға біріктіру. Ата-аналар қажетті үйірме-секцияны сол цифрлық платформа арқылы таңдап, баласын тіркейді.

Жобаның маңызды жаңалықтарының бірі – бірыңғай кезектің енгізілуі. Енді балалар 12 санат бойынша кезекке қойылады, онда әлеуметтік осал топтағы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар да қамтылған. Бұл ретте ваучерлер ең алдымен аз қамтылған және мүгедектігі бар балаларға ұсынылады. Қалғаны өзге санаттар арасында үлестіріледі.

– Бұл модель ашықтыққа, әділеттілікке және цифрландыруға бағытталған. Бірінші кезекте, бұл жүйе ата-аналарға үйірмелер мен секцияларды таңдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, мемлекет тарапынан балаға берілген ваучер арқылы ақы төленеді. Бұдан былай қосымша білім беру «1 бала – 1 ваучер» қағидаты бойынша іске асырылатын болады, – деді білім басқармасының бөлім басшысы Индира Исакова.



Қолмақыз жасаған Шығармашылық

Жоба ведомстволарлық сипатқа ие, оған бірден 4 министрлік бірлесіп жетекшілік етеді. Атап айтқанда, Мәдениет және ақпарат министрлігі шығармашылық бағытқа жауапты. Туризм және спорт министрлігі спорттық секцияларды үйлестіреді. Оқу-ағарту министрлігі қосымша білім беру үйірмелерін бақылайды. Ал, Цифрлық даму министрлігі жобаны техникалық сүйемелдеуді және цифрлық инфрақұрылымды

жетілдіреді. Мемлекеттік органдар бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды бақылайды. Аталған министрліктердің 2025 жылғы 28 мамырдағы бірлескен бұйрығына сәйкес, Қарағанды облысы әкімінің 2025 жылғы 12 тамыздағы қаулысы қабылданды. Жүйе жаңа оқу жылынан бастап, облыстың барлық қала және аудандарында іске қосылмақ.

Айта кеткен жөн, ваучердің екі

түрі болады. Біріншісі – нысаналы ваучер, ол мемлекеттік мекемелерге, мемлекеттік үйірме мен секцияларға баратын балаларға беріледі. Олардан кезекке тұру талап етілмейді.

Екіншісі – әмбебап ваучер, бұл балаға мемлекет бөлген қаржыны растайтын цифрлық сертификат. Яғни, бала сол ваучерді пайдаланып, қай үйірмеге баратынын өзі таңдайды.

Бір балаға – 18 мың теңге

Жоба негізінде балалар 12 санат бойынша кезекке қойылады, бұл санатта әлеуметтік осал топтағы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар да қамтылған.

– Барлық үйірмелер мен секциялар бірыңғай цифрлық платформада қолжетімді болады. Енді балалар санаты бойынша 12 бөлек кезек құрылады, бұл орын алмасуды болдырмайды және жүйені әділ әрі ашық етеді. Ата-аналар кезек қозғалысын онлайн бақылай алады. Цифрлық жүйе қарапайым әрі қолжетімді, – деді Индира Исакова.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысында 25 мыңнан астам бала спорттық, шығармашылық және білім беру тапсырыстары арқылы тегін қосымша білім алуда. Бұл үшін биыл облыстық бюджеттен 3,3 млрд теңге бөлінген. Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының бұқаралық және балалар спортын дамыту орталығының заңгері Сәуле Нысамбаева қосымша білім берудегі жаңа пилоттық жоба заң бұзушылықтардың алдын алатынын айтады.

– Статистикаға сүйенсек, бір бала бірнеше үйірмеге бөлінген ваучерлерді алып, бір өзі 3-4 үйірме-секцияға баратын болғандықтан, 46 мыңға жуық бала үйірмелер мен секцияларға жазыла алмаған. Мұндай жағдайлар да кездесті. Балалардың қосымша білімге қол жеткізуі үшін тең жағдайлар жасау мақсатында 1 қыркүйектен Қарағанды облысында ваучерлік қаржыландыруға көшу басталады, – деді Сәуле Әбдікәрімқызы.

Қарағанды облысында жобаны іске асыру облыстың барлық аумағын, соның ішінде аудандарды да қамтиды. Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес, өңір бойынша қаржыландырудың бірыңғай базалық нормативі – бір балаға айына 18 000 теңге бекітілді. Қосымша білім берумен қамтылуда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға, көпбалалы және аз



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

қамтылған отбасылардан шыққан жеткіншектерге басымдық беріледі.

Жаңа цифрлық платформаға ауысады

Ваучерлерді бөлу ОҚУ цифрлық платформасы арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта басқа ақпараттық жүйелерден осы бірыңғай мемлекеттік қосымша білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен көшу жалғасуда.

Қосымша білім беру ұйымдары міндетті түрде аккредитациядан өтеді, санитарлық-техникалық талаптарға сәйкестігі мен педагогтардың біліктілігі тексеріледі. Қаржыландыру нақты көрсетілген қызметтер мен балалардың сабаққа қатысуы нәтижесінде ғана жүзеге асырылады.

Ата-аналар Оқу платформасында тіркеліп, 1414 нөмірінен келетін SMS арқылы жеке деректерді өңдеуге келісімін растағаннан кейін ваучер алып, аккредиттелген қызмет көрсетушілер тізімінен қажетті ұйымды таңдай алады. Бұл процесс толықтай цифрлық форматта жүргізіледі және қағазбастылықты қажет етпейді.

– Жаңа платформаның ерекшелігі – жеке деректерді енгізу бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл. Өнім беруші өзінің қызметкерлерін платформаға тіркегенде жеке мәліметтері автоматты түрде толтырылады. Пилоттық жоба бойынша бізде қолдау қызметі жұмыс істейтін болады. Әкімдікпен бірлесіп, өнім берушілерге арнайы оқыту ұйымдастырамыз. Пилоттық жобаның тиімді жүзеге асуына біздің тараптан барлық көмек көрсетіледі, – деді «Қазақтелеком» АҚ өкілі Бегім Досжан.

Қосымша ақпарат, бейнематериалдар және нұсқаулықтар облыс әкімдігінің және тиісті басқармалардың ресми сайттарында жарияланады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Білім баспалдағы болашаққа бастайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігін реформалау бойынша ауқымды жұмыс басталмақ. Осылайша, басқарудың жаңа моделі қалыптаспақ.

Ал, Қарағанды облысында жаңа оқу жылынан бастап, директорылық кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған «Болашақ басшы» жобасы басталады. Осы мақсатта барлық білім беру деңгейіне арналған «Білім берудегі өңірлік көшбасшылық: инновациялар және жасанды интеллект» атты модульдік оқыту бағдарламасы әзірленген.

Кәсіптік білім – кәсіби сұранысты өтейді

Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау жүзеге асуда. Мәселен, Оқу-ағарту министрлігі Үкіметпен бірлесіп, жұмысшы мамандықтар жылын ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспар бекітті, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасын қабылдады.

Қарағанды облысында техникалық және кәсіптік білім беретін 52 колледжде мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайып, биыл 9 300 орынды құрады. Оның 60 пайызы техникалық мамандықтар үлесінде. Атаулы жыл аясында салаға баса назар аударылып отыр. Сондай-ақ, студенттер стипендиясы екі есе өскенін атап өткен жөн.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында бұдан басқа жаңа кәсіптер мен кұзыреттер атласы, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды дайындау, жұмысшы орындарын құру, жұмысшы мамандардың құқықта-



рын қорғау және мәртебесін көтеру қамтылған. Кәсіпорындармен бірлесіп, еліміздің мектептерінде 1000 бейінді сынып ашу жоспарланды. Оның 205-і Қарағанды облысында жұмыс істеп тұр. Мамандыққа бағыттау жұмысы жаңа мазмұнға ие болып, оқушылардың көптеп қатысуын мақсат етіп отыр. Облыстық білім басқармасының мәліметінше, өңір мектептеріндегі бейіндік сыныптарда медицина, педагогика, экология, АӨК, IT және «Жас сақшы» құқықтық жобасы қамтылған. Жаңа оқу жылынан бастап, тағы 50-ге жуық сынып ашу жоспарланған.

Сондай-ақ, мектептерде «ProfiWay» цифрлық платформасы іске қосылады. Платформада сұранысқа ие мамандықтар, оқу орындары және өңір кәсіпорындары туралы ақпарат ұсынылады. Осылайша, жоғары сынып оқушылары практиканық дағдыларға және колледждер базасында алғашқы

жұмыс кәсібіне оқыту тәжірибесі енгізілуде.

Бүгінде колледждерде теория мен тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік беретін дуальды оқыту жүйесін дамыту жалғасуда. Қарағанды облысында дуальды білім беру жүйесі енгізілген 38 колледж 300-ге жуық кәсіпорынмен тығыз байланыс жасайды. Оған шамамен 7 мың студент қамтылған. Оқыту жүйесі бойынша кәсіпорындардың сұранысына сай мақсатты кадрлар даярланып, оқу бітіргеннен кейін міндетті түрде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Аймақта 1 000 студент жұмыс берушілердің тікелей тапсырысы бойынша білім алуда. Негізгі серіктестер қатарына Qaz Tehna, Qazmet және КТЖ компаниялары бар.

Кәсіптік білім беру орталықтары халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде. «Қазіргі таңда бес колледж халықаралық аккредитациядан

өтті. Сонымен қатар, Қытай, Германия, Түркия, Финляндия және басқа елдердің білім беру ұйымдарымен тәжірибе алмасу жұмыстары басталды», – делінген білім басқармасының мәліметінде.

Жаңа оқу жылынан бастап, Теміртау жоғары политехникалық колледжінде «гидротехникалық құрылыс» және «мелиорация» бағыттары бойынша су шаруашылығы компетенциялары орталығы жұмыс істей бастайды. Бұл орталық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған, заманауи оқу-өндірістік база болмақ. BYD (БИД) компаниясымен бірлесіп, аталмыш колледж базасында электромобильдерді жөндеу және қызмет көрсету бойынша оқу орталығы ашылады деп күтілуде. Орталық халықаралық стандарттар мен тұрақты даму принциптеріне сай жұмыс істейтін болады.

Сонымен бірге, келесі жылы Балқаш технология және сервис

колледжінің базасында туризм саласының мамандарын даярлау мақсатында қонақ үй кешені форматындағы заманауи оқу зертханасы ашылады.

Ғылымды қолдау – ұлттық мүдде

Жоғары білім мен ғылым саласында жүргізілген реформалар Қазақстанды әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті елге айналдыруға ықпал етті. Мемлекет білім мен ғылымға салынатын инвестицияларды одан әрі арттырып, инновациялық дамуды қолдайтын бастамаларды жүзеге асыруды жалғастыруда. Атап айтқанда, бакалавриат, магистратура, докторантураға түсушілерге мемлекеттік білім беру гранттарын ұлғайту, шәкіртақыны арттыру, жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы мен ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын көтеру, жас ғалымдарды қолдау және университеттерге жасанды интеллект негізінде жаңа бағдарламаларды енгізу мәселелері бойынша жүйелі жұмыс жасалуда.

Нәтижесінде 2019 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттердің саны 45,2%-ға өсті. Бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 2020 жылғы базалық деңгейден 100%-ға артты, бұл 170 мыңнан астам студентті қамтыды. Магистратура шәкіртақысы 60%-ға, докторантура шәкіртақысы 1,6 есе өсті. ЖОО оқытушыларының орташа жалақысы 30%-ға артты.

2024 жылы QS рейтингінде алғаш рет 21 жоғары оқу орны (2019 жылы – 10) кірді. Бұл қатарда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті де бар. Жақында ғана «Ұлттық» мәртебесін иеленген Қарағандының беделді университеті халықаралық QS рейтингінде 981 орында тұр.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, өңірлерде шетелдік университеттердің филиалы ашылып жатыр. Бұл – озық халықаралық тәжірибе арқылы білім сапасын арттыруды көздейтін оң бастама. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қарағанды өңірінде Ұлыбританияның беделді университеттерінің бірі – Эксетер жоғары оқу орнының филиалы ашылатынын айтты.

Қазақстан әлемнің барлық негізгі өңірлерінен серіктестерді тарта отырып, Орталық Азияның білім беру хабына айналуда. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында 31,5 мың шетелдік студент білім алуда. Жыл сайын 200 жоғары білікті ғалымдар шақырылып, елдің ғылыми әлеуетін нығайтуға ықпал етуде. Мәселен, Қарағанды медицина университеті – денсаулық сақтау жүйесі үшін білікті кадрларды даярлау бойынша Қазақстанның жетекші медициналық жоғары оқу орны. Шетелдік студенттер арасында жоғары сұранысқа ие. Студенттер жыл сайын Үндістан, Иордания, Йемен, Египет, Палестина, Пәкістан, Польшадан және ТМД елдерінен келеді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылғылары жаңа реформалар қабылданып, ғылымды дамыту үшін қаржы көлемін арттыруды қолға алды. 2019 жылдан бері ғылыми ұйымдар саны көбейіп, ғылымға бөлінетін қаржы көлемі айтарлықтай артты. Мемлекет бұл қаржының сапалы әрі сұранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер мен ғалымдарға ғана бөлінуіне баса назар аударады. Осылайша Қазақстан ғылым мен білім саласындағы осы маңызды қадамдар арқылы халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілік пен сапалы білім беруді қамтамасыз етуді көздейді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Экспортта екпін бар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан, елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет», – деп айрықша атап өткен еді. Кейінгі алты жыл ішінде Қазақстан сан түрлі сын-қатерге қарамастан, экономикалық дамуда елеулі нәтижелерге жетті. Өнір өмірі де түрленді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Нарық нарқында

Егемен елдің ұлттық шаруашылығының сыртқы нарық үшін бәсекелесуге жарамды өнімді қажетті мөлшерде өндіру қабілеті әр уақыт өзекті. Президент тапсырмасы бойынша мұнай-газ химиясын қарқынды дамыту қолға алынды. Еліміз шикізатты экспорттаудан оны терең өңдеуге біртіндеп бет бұруда. Полимерлер, композиттік материалдар, химиялық реагенттер өндіріліп жатыр. Мұның барлығы – әртүрлі салаларда сұранысқа ие қосылған құны жоғары өнімдер. Осы орайда, орталық облыс инвестициялар көлемі бойынша көшбасшы болып отыр. Яғни, осы аймақта жүзеге асатын жобалар өнеркәсіптік өндіріс пен өндірістік қуаттарды арттыруды мақсат етеді. Ресми статистика өңірлердің индустриялық-инновациялық дамуы бойынша алғашқы жиынтық индексі жариялаған еді. Қорытындыға сәйкес, барлық негізгі көрсеткіштер бойынша теңгерімді әрі тұрақты өсім көрсеткен қазыналы Қарағанды көшбасшы атанды. Нақты нәтижеге, ең алдымен, өңдеу өнеркәсібінің қарқынды дамуы мен орта технологиялық өнімдер экспорттың нын ұлғаюы оң септігін тигізген. Индекс Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері негізінде есептелді. Аталған ведомство биылдың қаңтар-маусым айларына арналған «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму көрсеткіштері» жинағын жариялаған болатын. Қарағанды облысы еліміздің үздік бестігіне енген өңірлердің қатарында бірінші орынды иеленді. Одан кейінгі орындарда – Астана қаласы, Қызылорда, Түркістан және Маңғыстау облыстары.

– Индекстегі алдыңғы қатарлы өңірлер – өсімді тек шикізат өндірумен емес, инвестициялар тарту, технологиялық экспорт көлемін арттыру және еңбек өнімділігін көтеру арқылы қамтамасыз етіп отырған аймақтар, – дейді зерттеу авторлары. – Бұл индекс индустрияландырудың сан емес, сапа жағынан

бағалануы қажет екенін көрсетеді. Көшбасшы өңірлер саналы өсімді қамтамасыз етіп отыр. Олар тек қазба байлыққа иек артпай, технологияларға қаржы салып, күрделі өнімдер шығарып, өндіріс тиімділігін арттыруда. Мұндай тәсіл – ертенгі өнеркәсіптік экономикаға бастар жолдың нақты үлгісі. Индекс тек индустрияландыру жетістіктерін бағалап қана қоймай, елімізде жүргізіліп жатқан инновациялық мемлекеттік саясаттың тиімділігін саралауға мүмкіндік береді.

Атажұрттан – алты құрлыққа

Облыс өнеркәсіп өнімдерін әлемнің 40 еліне экспорттайды. Жеткізудің ең қомақты көлемі Ресей мен Қытайға тиесілі. Басқа серіктестер – Өзбекстан, Украина, Беларусь, Қырғызстан, Еуро-



ЭКСПОРТТАҒЫ ЕКПІН: ШИКІЗАТТАН – ӨНІМГЕ

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ – ИНДУСТРИЯЛЫҚ КӨШБАСШЫ

Соңғы 6 жылда тұрақты даму

Ұлттық статистика бюросының индексі бойынша I-орын

Экспортқа бағытталған технологиялық өнімдердің өсімі

Экспорт географиясы



40 елге экспортталады

- Қара және түсті металлургия
- Химиялық реагенттер
- Құрылыс материалдары
- Машина жасау бұйымдары
- Пластмасса мен кабельдер

Информация жасаған: Айтбек Рахымжан

одақ елдері. Экспорттың негізгі түрлеріне кара және түсті металлургия, құрылыс индустриясы, химия өнеркәсібі, машина жасау, резеңке және пластмасса бұйымдары, кабель және сым бұйымдары жатады. Жылма-жыл жаңа өндіріс орындары іске қосылған сайын, өндірісті өңірдің экспорттық мүмкіндіктері де арта түседі. Мысалға алсақ, Саран қаласында орналасқан майлыктар мен қағаз сүлгілер шығаратын Sunpaper компаниясының өнімдері жоғары сұранысқа ие. Тұтынушылар арасында сауда үйлері, дәмханалар мен мейрамханалар, қонақ үйлер, ірі компаниялар да бар. Кәсіпорын қазір шикізатты Ресейден және басқа елдерден сатып алып жатыр. Ендігіде өнімдерді өз күшімен шығара бастайды. Бұл жергілікті қамтуды арттырып, өндірісті кеңейтеді. Есептеулер бойынша жоба жүзеге асырылғаннан кейін қуаттылық жылына 21,4 мың тонна қағаз өніміне дейін ұлғаяды.

Аймақта тау-кен өнеркәсібі үшін геомембрандар, металлургия кәсіпорындары үшін химиялық реагенттер өндірісін жолға қою жоспарлануда. Бұл – импортты алмастыратын және экспортқа бағытталған өнімдер. Бұдан

бөлек, ауыл шаруашылығының түрлі бағыттарын қамтитын жалпы құны 46 миллиард теңге болатын 33 инвестициялық жоба табысты іске асырылып жатыр. Атап айтқанда, жаңа сүт-тауар фермалары, көкөніс сақтау қоймалары, суару жүйелері және өзге де нысандардың құрылысы жүріп жатыр. Жобалар өсімдік және мал шаруашылығын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді қамтиды. Биыл Нұра ауданының Көбетей ауылында 1 100 басқа арналған заманауи сүт-тауар фермасы ашылды. Еуропалық стандарттармен жабдықталған нысан толық қуатына шыққанда жылына шамамен 9 мың тонна сүт өндіреді. Қазірдің өзінде 20 жаңа жұмыс орны құрылса, болашақта олардың саны 60-қа дейін жетпек.

– Бұрын бүкіл аудан күніне 27 тонна сүт өндірсе, енді бұл көлемді бір ғана ферма қамтамасыз етіп отыр. Мұнда барлығы бір аумақта іске асырылған: жемшөп базасы құрылды, жаңа жұмыс орындары пайда болды. Бұл – кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілік танытып отырғанының дәлелі, – деді нысанның ашылуында Қарағанды облысы мен Нұра ауданының Құрметті азаматы Георгий Прокоп.

Қазірде Осакаров ауданында 6 000 басқа арналған сүт-тауар фермасы салынуда. Бұл – Қазақстандағы мал шаруашылығы саласындағы ең ірі жобалардың бірі. Құны 30 миллиард теңгеден асады. Кешеннің қуаты жылына 70 мың тонна сүт деп күтілуде. 180 жаңа жұмыс орны құрылады. Қазір голштино-фриз тұқымды сиырлардың алғашқы партиясы сатып алынды, өз жемшөп базасы дайындалып жатыр. Жетелі жобалар аймақтағы сүт өнімдеріне деген сұранысты толық қамтуға қауқарлы. Суармалы жерлер бойынша да ірі жобалар жүзеге асырылу үстінде. Биыл суармалы алқап көлемі 8,7 мың гектарға ұлғайтылады. Демек, климаттың өзгеру жағдайында тұрақты өнім алуға жағдай жасалмақ деген сөз. Бұдан бөлек, өңірде заманауи көкөніс пен астық сақтау қоймалары, өңдеу кешендері де салынуда.

– Бұқар жырау ауданы Баймырза ауылында 4 000 тоннаға арналған көкөніс сақтау қоймасы салынып жатыр. Ол жаз соңына дейін пайдалануға беріледі. Ал, Нұра ауданында «Шахтерское» элиталық шаруашылығы 14 мың тоннаға арналған көкөніс сақтау қоймасын салуда. Бұл жоба да биыл аяқталады. Өткен жылы об-

лыс шаруалары мол өнім жинады. Қосымша сақтау орындарын қамтамасыз етуге ынталанған олар белсенді. Бүгінде шаруашылықтар әлеуметтік бағада картоп жеткізу жөнінде келісім-шарттар жасасуда, ал, сақтауға арналған өз базалары бар, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әнуар Төлеубеков.

Арқадағы агроөрлеу

Айта кетейік, Арқа атырабы – Қазақстан бойынша картоп өндірісі көлемі жөнінен екінші орында. Өңір ішкі қажеттіліктен үш есе артық өнім өндіреді. Мұндағы экспорт пен қайта өңдеу үшін әлеует зор. Етті мал шаруашылығында селекциялық және тұқымдық жұмыстарды ынталандыруға басымдық берілген. Қарқаралы ауданында 5 000 басқа арналған ұсақ және ірі кара мал бордақылау алаңы салынады. Ақтоғай ауданында асыл тұқымды репродукторды ұлғайту көзделген. Бірнеше шаруа қожалығы бірігіп, қой, жылқы және ірі кара өсірумен айналысуда. Ал, Шет ауданында бір шаруашылық жылқы санын 3 000 басқа дейін жеткізу жобасын іске асыруда. Онымен бірге, облыста құс фабрикасын жаңғырту жобасы жүзеге асырылып, жұмыртқа өндірісі ұлғая түспек. Қарағанды қаласында да өсімдік майын өндіретін зауытты кеңейту жобасы іске асырылып жатыр. Қазір кәсіпорын күнбағыс, зығыр және соя майының бірнеше түрін шығарады. Ай сайынғы өндіріс көлемі шамамен 1,5 мың тоннаны құрайды. Келешекте көз қуантар көрсеткішті екі есеге арттыру жоспарлануда. Кәсіпорын отандық, соның ішінде жергілікті шикізатқа басымдық береді. Өндіріс көлемі ұлғайған сайын қосымша жұмыс орындары да ашылады.

Абай ауданында да жылына 2 100 тонна шикізат өңдейтін жаңа ет комбинаты салынуда. Өндірісте 20 жұмыс орны құрылады, бірақ болашақта штат кеңейеді. Alisha Group ет өңдеу комбинатында ет сою, ет өңдеу және консервіленген өнім шығару



цехтары қарастырылған. Жақын арада жабдықтарды жеткізілуі тиіс. Жоба бастамашысы Рустам Қалиевтің айтуынша, комбинат күн сайын 300 ұсақ мал мен 50 ірі кара малды өңдеуге арналған.

– Өнімдер – салқындатылған және мұздатылған ет, ет консервілері, вакуумдық және термоқаптамалар, тұтынушылар үстеліне әртүрлі етіп ұсынудың жаңа форматтары. Өндіріс халал стандарттарды және халықаралық тамақ қауіпсіздігі сертификаттарын қоса алғанда, қазіргі заманғы талаптарға сай келеді. Одан әрі – жүн мен теріні қайта өңдеу желілерін іске қосуды көздеп отырмыз, – дейді Рустам Қалиев. – Негізгі өткізу нарықтары – Қазақстан, Парсы шығанағы елдері, Қытай, Түркия, Еуропа.

Шикізатты жергілікті фермерлерден сатып алатын болады. Тиісті сатып алу бағасының арқасында ауыл шаруашылығы өндірушілері серіктестікке қызығушылық танытуда. Болашақта компания мал өсіруге көшпекші. Комбинат құрылысы үшін Абай ауданы кездейсоқ таңдалмаған: мұнда логистикалық артықшылықтар да, ауыл шаруашылығы өндірушілері де бар.

Түйін

Не дейміз, Сарыарқаның сайын даласы – көне замандардан бермен қарай тынымсыз жөңкілген жел мен уақыттың өзін қалт еткізер ұшы-қиырсыз кеңістік. Құдды бір ұлт тағдырын өзі сомдаған ұлы шеберхана іспетті. Мұнда даму атты татықты тегер-шіктің қашауы сартылдап, өндірістің сом балғасы тасырлата соғылып, жаңа ашылған фермалардан сауылған сүттің көбігінің иісі бұрқырап, қарапайым жұмысшы мен қажырлы диканның үмітке толы тынысы естілетіндей әредік. Иә, әлі талай сынақ алда. Дикан біткен ұлан далаға қайта соқа салып, күніне қырық құбылған нарық тұрақсыздығымен сынары кәдік. Бірақ қазыналы Қарағандының қарекеті экспорттық әлеуетін шикізаттан – мазмұнға, мөлшерден – мәнге, ескіліктен – айқын болашаққа деген ұмтылысымен көрсетпек.

Бәлкім, бұл біз уағында білмей әрі сезінбей тұрған нағыз технокарттық эволюция ізі болар. Ұзақ мерзімге көз қадаған мұндағы адам рухының, сана-сезімінің төңкерісі болар. Атаулы атырапта зауыт сыйлық үшін емес, ұрпақ үшін салынады. Фермалар көрсеткіш үшін емес, адал нан үшін ашылады. Ал, экспорт үдерісі ақсер әлемге өзіміз болып сапар шегу деген сөз! Ендеше туған жердің таңғажайып тағдырлы табысы еселене берсін!

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Агрокешеннің өрісі кеңейеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азықтүлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс. Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді. Субсидия бөлуге және оның жұмсалыуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек» деген еді. Өнімімізде манызды салаға қолдау мол. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының саланы дамыту бағытында ауқымды бағдарламалар әзірленгенін айтты.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Өніміміздегі ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан 23,5 млрд теңге бөлініпті. Соның ішінде, өсімдік шаруашылығы саласындағы 5 бағдарламаға 4,1 млрд теңге, ал, мал шаруашылығы саласындағы 2 бағдарламаға 5,6 млрд теңге, қайта өңдеу саласында 2 млрд теңге және қаржы құралдарына 13,6 млрд теңге үлестірілген.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының экономикалық саясатты

және қаржы құралдарын іске асыру бөлімінің басшысы Еркебұлан Мұқаев салаға бөлінген қаржының жалпы мөлшерін атады.

– Биыл облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарына мемлекеттік қолдау сомасы 14 003,4 млн теңгені құрады. Өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялауға 4 761,3 млн теңге, мал шаруашылығы саласын субсидиялауға 1 451,9 млн теңге, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісіндегі шығыстардың бір бөлігін өтеуге 3 728,8 млн теңге, технологиялық жабдықтар мен ауыл

шаруашылығы техникасын несиеленуге, сонымен қатар, лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға 4 010,6 млн теңге бөлінді, – деді Еркебұлан Мұқаев.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының мал шаруашылығы саласында оны тереңдетіп өңдеу өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсаған шығындарын субсидиялауға 50,8 млн теңге берілді.

2025 жылғы 4 маусымдағы №186 ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Мал шаруашылығы саласындағы субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы»



бұйрығына сәйкес толықтырулар енгізілді. Субсидиялаудың негізгі мақсаты – асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту және өнім сапасын арттыру. Өзгерістерге сәйкес субсидия көлемі өңірдің қажеттілігіне, өткен өтінімдердің

игерілуіне, қарыздарға және мамандануына байланысты айқындалады. Сұраныс төмен болған жағдайда қаржыны қайта бөлудің икемді механизмі іске қосылды. Механизм субсидия саласында қаржының тиімді игерілуін қамта-

масыз етеді. Жоспарлау және түзету мерзімдері мен рәсімдері ГИСС жүйесі және жергілікті атқарушы органдар арқылы нақты көрсетілген.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Екінші мүмкіндік

Бүгінгі таңда Қазақстанның қылмыстық-атқару жүйесінде ізгілендіру, адам тағдырына жауапкершілікпен қарау, қоғамға қауіп төндірмейтін сотталғандарға мүмкіндік беру қағидаты нақты іске асу сәтті жалғасуда. Соның жарқын көрінісі – пробация институтының дамуы. Пробация – жазаны өтеудің балама түрі ғана емес, адамды қоғамнан оқшаулаусыз түзетуге мүмкіндік беретін құқықтық әрі әлеуметтік тетік. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында бірнеше мәрте қылмыстық саясатты ізгілендіру, пробация жүйесін тиімді ұйымдастыру арқылы қайталама қылмыстың алдын алу мәселесін көтерген еді. Президент тапсырмасы аясында Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы пробация қызметі нақты нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Қылмысты қайталамау, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік бейімдеу, сотталғандармен жекелеген жұмыс жүргізу сияқты бағыттарда атқарылған жұмыстар – әділетті қоғам мен қауіпсіз ортаны қалыптастыру жолындағы нақты әрі сенімді қадам.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сандық көрсеткіштер, нақты жеміс

Темірдей тәртіп пен заң шеңберіндегі қызметті ту еткен ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Қарағанды мен Ұлытауды ортақ құрылыммен қамтып, екі өңірдің түзету саласындағы жүйелі жұмысын бір арнаға тоғыстырып отыр.

Ұлытау облысында пробация қызметтері 5 аумақтық бөлімі арқылы жүйелі жұмыс істейді. Оның үшеуі – Жезқазған, Сәтбаев және Қаражал қалаларында, ал, екеуі – Ұлытау және Жаңаарқа аудандарында орналасқан.

Ал, Қарағанды облысында бұл қызметтер Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Балқаш қалаларын және Бұқар жырау, Осакаров, Нұра аудандарын қамтитын кең ауқымды желі ретінде құрылымданған. Бұл толыққанды жүйе сотталған әрбір азаматпен жекелей жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында Қарағанды, Ұлытау облыстарында пробация бақылауында өткен азаматтардың саны 570-ке жеткен. Бұл өткен жылғы дәл осы мерзіммен салыстырғанда 31 адамға немесе 5,7 %-ға артық. Ал, есепті кезеңнің соңында 363 адам пробация бақылауында болды, бұл да 2024 жылғы көрсеткішке (348 адам) қарағанда жоғары.

Жаза түрлері

Ұлытау облысында пробацияда тұрған азаматтардың басты бөлігі – бостандығын шектеу жазасына кесілгендер, олардың саны – 255. Лауазым атқаруға немесе белгілі қызметпен айналысуға тыйым салынғандар – 50 адам, пробациялық бақылаудағы шарт-



Коллаж жасаушы Айбес Рахымжан

ты сотталғандар – 46, үкімнің орындалуын кейінге қалдырғандар – 9, қоғамдық жұмыстарға тартылғандар – 3 адам болса, түзету жұмыстарына кесілгендер саны биыл тіркелмепті.

Қарағанды облысында бостандығын шектеу жазасына кесілгендер басым, кейбір азаматтар әкімшілік түрдегі қоғамдық жұмыстар мен пробациялық бақылауды өткеруде.

– Дерек бойынша Ұлытау облысында 2025 жылдың алғашқы жеті айында пробация бақылауындағы азаматтардан бар-жоғы 3 қылмыстық құқық бұзу зардаптары тіркелген. Бұл 2024 жылы тіркелген тоғыз фактімен салыстырғанда 3 есе аз, яғни 33,3 % төмендеу. Осы құқық бұзушылықтар Жезқазған қаласында орын алған. Ал, Сәтбаев, Қаражал қалалары және Ұлытау мен Жаңаарқа аудандарында есептегі азаматтардан құқық бұзушылық анықталмаған. Бұл – профилактикалық шаралардың

нәтижелілігін көрсетеді – дейді Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша департаментінің пробация қызметтерімен жұмыс жүргізу бөлімінің бастығы, әділет полковнигі Анар Уменова.

Қарағанды облысында да оң динамика байқалып отыр. Рецидив саны 2024 жылмен салыстырғанда шамамен 15 %-ға азайған. Балқаш қаласында пробациялық бақылаудағы азаматтарды жұмыспен қамту көрсеткіші 20 %-ға артқан. Бұл әлеуметтік бейімдеудің маңыздылығын дәлелдейді.

Ресоциализация – басты міндет

Қайта бейімдеу – еліміздегі пробация қызметінің басты функциясы. Осы бағытта Ұлытау облысында жергілікті атқарушы органдарға 49 адам үшін өтініш жолданса, олардың 40-ы – жү-

мыспен қамту, 4-і – медициналық көмек, тағы 4-і – басқа әлеуметтік қолдау бойынша.

Қазірдің өзінде 26 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде, 9 адам – әлеуметтік квота негізінде. Сонымен қатар, 5 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, тағы 5 азамат жұмысқа орналасты.

Материалдық қолдау негізінде азықтүлік, киім-кешек және бір реттік қаржылай көмек көрсетілді. Ұлытау облысындағы материалдық көмек көлемі – 1 149 920 теңге, ал, Қарағанды облысында бұл көрсеткіш шамамен 4 000 000 теңге.

«Пробация – сотталған адамға екінші мүмкіндік бере отырып, қоғамды қорғаудың, әлеуметтік жауапкершілікті күшейтудің нақты механизмі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларындағы «адамға бағытталған әділдік» қағидатын ұстану – біздің негізгі ұстанымымыз. Әр есеп-



тегі азамат – отбасы мүшесі, ел болашағы. Біз өзімізге жүктелген сенімді ақтауға тырысамыз», – дейді ол.

Пробация жүйесі көптеген дамыған елдерде құқық бұзушыны қоғамнан оқшауламай-ақ, оңалтуға мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қалыптасқан. Мәселен, Норвегияда пробация қызметкерлері сотталған адамның отбасымен, жұмыс орнымен және жергілікті қауымдастықпен тығыз жұмыс істейді. Мұндағы басты ұстаным – жазалау емес, оңалту. Ал, Ұлыбританияда сотталғандарға психологиялық реабилитация бағдарламалары ұсынылып, олар қатаң мониторингпен қатар, жан-жақты қолдауға ие болады.

Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу, бос жұмыс орындарына жолдау, электронды білізгімен бақылау сынды игі істер елімізде де дұрыс жолға қойылған.

– Пробация бақылауында жүрген азаматтардың басым бөлігі – психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан көмекке мұқтаж. Олар көбіне шынайы қолдау таппай, күйзелістен немесе үмітсіздіктен қайта қылмысқа барады. Сондықтан, пробация қызметкерлерінің жұмысы тек әкімшілік бақылаумен шектелмей, сенім орната білуде. Әсіресе, мотивациялық сұхбаттар, топтық тренингтер және отбасылық кеңестердің рөлі зор. Бұл – сотталғандардың өзін тұлға ретінде сезінуіне, қоғамға қайта бейімделуіне ықпал етеді», – дейді психолог маман Думан Нұрланұлы.

Қарағанды және Ұлытау облыстарында пробация жұмысы – еліміздегі құқықтық реформалар мен әлеуметтік бейімдеу бағытындағы нақты жетістіктердің айқын мысалы. Рецидив деңгейінің төмендеуі, сотталғандарды тұрақты түрде жұмысқа орналастыру, тәрбиелеу және қайта бейімдеу шаралары – бұл қауіпсіз, әділетті және қоғам орталығы бар Қазақстанды құруға бағытталған нақты қадамдар.

Балалар үшін бәріміз де жауаптымыз

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары кәметекке толмаған балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жалпы қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру мәселесін мемлекеттің басым бағыттарының бірі ретінде белгіледі. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында үнемі балалардың әл-ауқаты мен олардың қорғалуын баса айтып келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балалар амандығы – болашақ амандығы

Президент тапсырмасын орындау аясында Қарағанды облысында да кәметекке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында кешенді іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр.

Жергілікті полиция қызметі ұсынған ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың басынан бері өңірде балалардың қауіпсіздігі мен құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған 7 ірі республикалық және облыстық деңгейдегі жедел-алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылған. Олардың қатарында «Жастар және заң», «Түнгі қаладағы балалар», «Каникул», «Мектептердегі балалар қауіпсіздігі», «Жасөспірім» және басқа да науқандар бар.

Сонымен қатар, 200-ден астам рейдтік тексерулер жүргізілгенін атап өткен жөн. Бұл білім беру ұйымдарының әкімшіліктерімен, жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және еріктілермен бірлесіп өткізілуде.

Жас буынның құқықтық санасын қалыптастыру – келешек қоғамның қауіпсіздігіне инвестиция. Осы мақсатта оқу орындарының әкімшіліктерімен бірлесіп, жыл басынан бері 5000-нан астам құқықтық дәріс пен тәрбиелік әңгіме өткізілді. Бұл сабақтарда оқушылар заң алдындағы жауапкершілік, өз құқықтары мен мін-

деттері туралы нақты әрі түсінікті ақпарат алады.

Бұдан бөлек, әр тоқсан сайын мектеп және колледж оқушыларына арналған танымдық экскурсиялар өтеді. 2025 жылдың сегіз айында 37 экскурсия өткізіліп, онда 3500-ден астам бала қамтылды. Оқушылар полиция бөлімшелерінің, кинологиялық қызметтің және арнайы бөлімдердің жұмысымен таныса отырып, құқық қорғау саласының ерекшеліктерін көзбен көрді.

Кәметекке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында оларды пайдалы әрі салауатты ортаға тарту – негізгі тетіктердің бірі. Осы мақсатта мереке және демалыс кездерінде Ішкі істер министрлігіне қарасты «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамы және облыстық полиция департаментінің спорттық-массалық жұмыстар басқармасымен (ҮСМЖБ) бірлесіп 6 спорттық іс-шара ұйымдастырылған.

Футбол, шахмат, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика сынды спорт түрлері бойынша өткен жарыстарда оқушылар өзара жарысып, медаль, кубок және мақтау қағазымен марапатталды. Бұл олардың бос уақытын тиімді өткізіп, саламатты өмір салтын ұстануға, тәртіпке баулуға ықпал етеді.

Жолдағы қауіпсіздік қырағылықты қажет етеді

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалғанда, Қарағанды қаласында жол қауіпсізді-



Сурет ашық дереккөзінен

гін қамтамасыз ету бағытында кең көлемді «Назар аударындар – балалар!» республикалық акциясы бастау алды.

25 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында өткізілетін бұл акцияның басты мақсаты – балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, оларды көлік қозғалысы ережелеріне баулу, жолда өзін дұрыс ұстауға үйрету және ата-аналар мен жүргізушілердің назарын балалардың жолдағы қауіпсіздігіне аудару.

Қарағанды қаласы полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бауыржан Мұхамеджанов:

«Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан да, оларға сапалы білім мен тәрбие бере отырып, қауіпсіз орта қалыптастыру – аса маңызды. Біз олардың мектепке және үйлеріне аман-есен жетуі үшін барлық қолайлы жағдай-

ды жасауға бар күш-жігерімізді саламыз. Қауіпсіз әрі құқығы қорғалған қоғамда ғана даму, ілгерілеу болады», – дейді.

Айта кетерлігі, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жол қозғалысын ұйымдастыру мен де тығыз байланысты. Осы орайда қала әкімдігі, білім бөлімі және жергілікті полиция қызметі бірлесіп, мектеп маңындағы жол инфрақұрылымын тексеріп шықты. Тексеру нәтижесінде бірқатар кемшілік анықталып, оларды жою бойынша шұғыл шаралар қабылданды.

Бүгінде осыған дейін реттелмеген жаяу жүргінші өткелдері енді бағдарламмен жабдықталып жатыр. Бұл жұмыстар №3 гимназия, №21, №78, №103 мектептердің маңында жүзеге асырылып, тағы бірнеше мектеп аумақтарында жалғасуда. Сонымен қатар, оқушы тасымалдай-

тын автобустардың техникалық жағдайы да бақылауға алынған.

Алдын алған абзал

Профилактикалық жұмыстардың маңызды бөлігі – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру. Жыл басынан бері баланы тәрбиелеу міндетін орындамағаны үшін 948 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Бұдан бөлек, кәметекке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінісіз көшеде немесе көңіл көтеру орындарында жүруіне жол бергені үшін 3450 ата-анаға қатысты да әкімшілік шара қолданылды.

Құқық қорғау органдарының айтуынша, басты назарда есепте тұрған жасөспірімдер, соның ішінде, девиантты мінез-құлық көрсететін жеткіншектер тұр. Олармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілуде.

Қылмыс

Қалтаға ұры түспесін...

Облыста қалта ұрлығының алдын алу және олардың жолын кесу мақсатында Ішкі істер министрлігінің республикалық бағдарламасы аясында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Адам көп шоғырланатын орындарда жиі кездесетін қылмыс түрі азаматтарға елеулі материалдық шығын келтіреді. Осы тұрғыда өңір полициясы ұрлыққа қарсы күресті күшейту үшін кешенді шараларды қолға алды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, қылмысқа бейім адамдармен профилактикалық жұмыс жүргізіліп, қауіпті аймақтарда тәртіп сақшыларының формадағы және бейресми киімдегі патрульдері күшейтілді. Қоғамдық орындарда бейнебақылау жүйесі кеңейтіліп, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Полиция азаматтарды жеке қауіпсіздік ережелерін сақтауға және ұрлық жағдайында әрекет ету тәртібін білуге шақырады.

Сонымен қатар, полиция департаменті базарлар, сауда-ойын-сауық орталықтары мен көлік ұйымдарының әкімшіліктерімен бірлесіп отырып, қалта ұрлықтарының алдын алуға ұмтылады. Әсіресе, мұндай жағдайға зейнеткерлер, жастар және мас күйдегі азаматтар тез ұрынады. Бағдарлама шеңберінде қалта ұрлығы қылмысын ашу, криминогендік жағдайды талдау және тәуекелдерге жедел әрекет ету бағытында да шаралар жүзеге асырылуда. Басты мақсат – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қалта ұрлықтарының жолын кесу.



Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолда ғана емес, қоғамның барлық саласында маңызды. Осы тұрғыда Қарағанды қаласында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ерекше форматтағы шара «Құқықтық мәдениет жәрмеңкесі» өткізілді.

Облыс және қала әкімдігінің қолдауымен, полиция қызметкерлері тұрғындарды «Таир» сауда үйінде қоғамдық қабылдау форматында қарсы алды. Жәрмеңкеге келген әр азаматқа полиция өкілдерінен құқықтық мәселелер бойынша кеңес алып, өз құқықтары мен міндеттері туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайров іс-шара нәтижесіне оң баға беріп, тұрғындардың белсенділігін де атап өтті.

– Азаматтардың белсенділігі мен құқықтық мәселелерге деген қызығушылығы бізді қуантады. Мұндай жәрмеңкелер полиция мен халық арасындағы сенімді нығайтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға нақты ықпал етеді. Президентіміздің құқықтық сананы көтеру туралы тапсырмасына сәйкес, осындай шаралар ел көлемінде жүйелі түрде өткізілуі тиіс, – деді ол.

Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету полиция мен мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес. Бұл – ата-ана, ұстаз және баланың өзара үйлесімді әрекетіне сүйенетін қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін атап өткен жөн.

Құттықтау



Нұра ауданы, Ақмешіт ауылының тұрғындары ардақты күйеу баламыз Думан Өмірқожаұлы мен сіңліміз Гүлсім Ануарбекқызы неке құрғандарына 50 жыл мерейтойлары құтты болсын. Алла Тағала шаңырағына шаттық, баянды бақыт, мықты денсаулық берсін! Балаларының, немерелердің қызығын көріп, Алланың берген жасын жасап, аман-есен жүріңіздер!

Шын жүректен бақ тілеп,
Ақтарылсын пәк жүрек.
Алтын тойда арнайын,
Ізгі ниет, ақ тілек.

Ұрпақ деген балқұрақ,
Пайдалы боп халқына,
Бекем болсын салтына.
Жетіңіздер жүз жасқа,
Қол ұстасып, жарқырап!

Ізгі тілекпен: **Аманжол-Күлім, Марат-Дана, Қанат-Мәди.**

№317

• ДІН – ДІҢГЕК

Мәдениеттер мен діндер диалогы — қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің негізі

Қазіргі әлемде елдер мен халықтар арасындағы шекаралар барған сайын шартты сыпатқа ие болып, ақпарат ағындары планетаның әр түпкіріндегі адамдарды біріктіріп жатқанда, мәдениеттер мен діндер арасындағы диалог жүргізу қабілеті тек қалаулы емес, өмірлік маңызды қажеттілікке айналады. Қазақстан үшін, көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде, бұл тақырып ерекше маңызға ие: дәл осы жерде, тарихи және рухани жолдардың тоғысқан нүктесінде, қоғамның тұрақтылығы тікелей тәуелді болатын бейбітшілік пен келісімнің негізі қаланады.

Қазақстан – 130-дан астам этнос пен 18-ден астам дини конфессия өкілдерінің ортақ үйі. Бұл мәдениеттер мен дәстүрлердің байлығы келергі емес, керісінше – тәжірибе алмасуға, өзара баюға және рухани дамуға бірегей мүмкіндік береді.

Алайда, әртүрлілік өздігінен келісімді қамтамасыз етпейді. Ол түсінспеушілік көзі емес, ресурсқа айналуды үшін, айырмашылықтарды қауіп емес, құндылық ретінде қабылдауды үйрену қажет. Осы тұста мәдениеттер мен діндер диалогы – бір-бірімізді теренірек түсінуге, ортақ ұстанымдарды табуға және стереотиптерді жеңуге мүмкіндік беретін негізгі құралға айналады.

Әртүрлілікті мойындаудан оны саналы түрде пайдалануға көшу – ашық қарым-қатынас пен өзара түсіністіксіз мүмкін емес.

Шынайы диалог – жай ғана сыпайы сөз алмасу емес, сұхбаттасушының тыңдауға және түсінуге деген шынайы ұмтылыс. Бұл – оның құндылықтары мен сенімдері біздің көзқарастарымыздан ерекшеленсе де, құрметке лайық деп қабылдау.

Қазақстанда бұл үдерісте мемлекеттік және қоғамдық институттар – Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Өлеңдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары сыз еі маңызды рөл атқарады. Бұл алаңдар түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің сенімге, өзара құрметке және ел болашағы үшін ортақ жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас орнатуына жағдай жасайды.

Мұндай форматтағы мәдениеттер мен діндер диалогы тек қақтығыстардың алдын алып қоймай, қоғамда әркімнің үлесі бағаланып, яғни азаматтарда біртұтас қоғамға тиесілілік сезімін қалыптастырады.

Мәдениетаралық және дінаралық диалогты қолдау оны тәрбие мен білім беру жүйесіне терең енгізуісіз мүмкін емес. Балалар мен жастар мәдени айырмашылықтарды құрметтеуді, барлық діндердің заң алдында тең екенін

түсінуді және өзгелерді «бөгде» емес, серіктес ретінде көруді үйренгенде ғана жетілген және тұрақты азаматтық қоғамның негізі қаланады.

Мектептерде, университеттерде, жастар клубтарында және қоғамдық ұйымдардағы диалог – ашықтық пен төзімділікті тәрбиелеудің әдісіне айналады. Ол сыни ойлауды қалыптастырады, оқиғаларды әртүрлі көзқараспен бағалауға үйретеді және ынтымақтас-тыққа деген дайындықты тәрбиелейді.

Өрине, қазіргі әлемде бұл үдерісті қиындататын факторлар аз емес: жаһандық көші-қон, әлеуметтік теңсіздік, интернет арқылы таралатын радикалды идеологиялар. Бірақ дәл осындай сын-қатерлер жағдайында диалогтың құндылығы арта түседі.

Қазақстанның бейбіт және тұрақты мемлекет ретінде дамуының келешегі – мәдениетаралық және дінаралық өзара әрекеттестіктің қаншалықты тиімді жүзеге асырылатынына тікелей байланысты. Бұл – ағартушылық бағдарламалар мен мәдени алмасулардан бастап, түрлі көзқарастағы адамдарды біріктіретін әлеуметтік жобаларға дейінгі жүйелі жұмысты талап етеді.

Мәдениеттер мен діндер диалогы – бір реттік акция немесе дипломатиялық ишара емес. Бұл – сенімді нығайту, ортақ тіл табу және мәселелерді бірлесіп шешу жолындағы тұрақты жұмыс. Қазақстан үшін ол тек бейбітшілік пен келісімнің негізі ғана емес, сонымен қатар барлық азаматтарды тұрақты даму мен өркендеуге ұмтылуға біріктіретін ұлттық идеяның негізгі элементі.

Мәдениеттер мен діндер арасындағы байланыс неғұрлым берік болса, соғұрлым уақыт сынына төтеп беріп, болашаққа сеніммен қарайтын қоғам тұрақты болады.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды облысының
Діни бірлестіктер клубының
модераторы

№161

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Сарбаздар сап түзеді

Айбынды армия – тәуелсіз елдің айбары. Сол себепті, Отан қорғаушы әр азаматтың кәсіби шеберлігінің маңыздылығы жоғары. Әр салада еңбектеніп жүрген Отан қорғаушыларды қайта даярлаудан өткізу үшін елімізде кең көлемде әскери міндеттілердің жиындары өтіп жатыр. «Спасек» оқу-жаттығу полигонында 1500-ге жуық әскери міндетті азамат жауынгерлік қызметтерін қайта пысықтап жатыр.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды гарнизонындағы «Спасек» полигонында запастағы әскери міндеттілерге арналған оқу-әдістемелік жиындар өтіп жатыр. Әскери маңызды жиынға артиллериялық, мотожаяуынгерлік, танк, зениттік, жөндеу, тылдық бөлімдер мен байланыс саласының мамандары – сержанттар шақырылды. Сондай-ақ, запастағы офицерлер әскери басқару бағыты бойынша қайта даярлықтан өтіп жатыр.

– Оқу-әдістемелік жиындардың негізгі мақсаты – мобилизациялық дайындықты арттыру және әскери міндетті азаматтардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіру. Олар қарумен жұмыс істеу, атыс жүргізу дағдыларын пысықтап, қазіргі заманғы ұрыс жүргізу тактикасын меңгеруде. Әсіресе бөлімшелер құрамындағы өзара әрекеттестікке, тактикалық медицина мен инженерлік дайындық мәселелеріне ерекше назар аударылып отыр, – дейді «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы полковник Махсұт Гусейinov. Қолбасшы жиындарға 40 жасқа дейінгі әскери міндеттілер қатысып жатқанын да атап өтті.

Жиынға қатысушылар дала шатырларында тұрып жатыр. Үш мезгіл тамақпен, әскери киім-кешекпен толық қамтамасыз етілген.

Сонымен қоса, олардың жұмыс орындары мен лауазымдары сақталады, орташа жалақысы төленеді. Ал, жұмыссыз азаматтарға мемлекет есебінен ең төменгі жалақы мөлшерінде ақы беріледі.

Астанадан шақырылған қатардағы жауынгерлердің бірі Бекболат Атанов әскери міндеттілердің жиынына алғаш рет қатысып отыр. Аталған жиынға өз еркімен келіп, жауапкершілік жүгін сезіне алған ол осындай іс-шаралардың берер пайдасы мол екенін айтады.

– Уақыт бір орында тұрмайды, жаңа техника мен әскери ұрыс-тәсілдердің жаңа түрлері енгізіліп жатыр. Бұл сабақтар бізге бұрын алған білімімізді еске түсіруге, дағдыларымызды жетілдіруге және жаңаларын меңгеруге мүм-



кіндік беріп отыр. Әсіресе бізбен тәжірибесін бөлісіп жатқан бөлімше командирлерінің кәсіби біліктілігін ерекше атап өткім келеді, – дейді әскери міндетін өтеуші Бекболат Атанов.

Ахметхан Кенжебеков Қазақстан ғарыш сапары ұлттық компаниясында қызмет етеді. 2018 жылы 40 күндік әскери міндетін Көкшетау қаласында әскери техникалық мектепте өтеген. Әскери жиынға қатысуға өзі ынта білдіріпті.

– Жиынның жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны байқалып тұр. Әскери міндет жүктелген адамдар осындай жиынға қатыса отырып, өздерінің біліктілігін көтерері анық. Алғаш осында келгенде теориялық сабақтан өттік. Қазір тактикалық жаттығуларды орындаудамыз. Менің мұндағы әскери міндетім – 122-мм гаубица Д-30 әскери техникасын снарядпен оқтау. Өз міндетімді ойдағыдай атқарудамын. Отбасын, Отанын қорғау – әр азаматтың мойнындағы әуелгі міндет. Әскери полигонға бейбіт күндерде ғана жиналайық, – дейді Ахметхан Серікұлы.

Әскери міндеттілердің бір бөлігі Т-72 танк экипаждарының, яғни танк командирі, механик-жүргізуші және көздеуші-операторы мамандықтары бойынша білімдерін шыңдауда. Қазіргі таңда олар әскери міндеттілер бағдарламасының жауынгерлік жоспарына сәй Т-72 танк қару-жарағынан взводтардың жауынгерлік атыстарын орындауда. Іс-тәжірибе сабақтары қауіпсіздік шаралары қатаң сақтала отырып, тиісті деңгейде жүргізіліп жатыр.

ЗУ-23-2 зениттік қондырғысы төмен биіктікті әуе нысаналарымен – әуе шабуылының заманауи құралдарымен күрес жүргізуге, соның ішінде, ұшақтармен, тікұшақтармен, қанатты зымырандармен және қашықтықтан басқарылатын ұшатын аппараттармен ұрыс жүргізуге

ХАБАРЛАМА

циналық көмек көрсету. 1 бос орын.

6. Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Желтоқсан көшесі, 23 үйі мекенжайы бойынша орналасқан ШЖҚ «Балқаш қаласының жоғары медициналық колледжі» КМК байланыс телефоны 8(71036) 7-31-38. Кәсіпорынның қызметі-мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. 3 бос орын.

7. Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаров кенті, Школьная көшесі, 124 үйі мекенжайы бойынша орналасқан ШЖҚ «Осакаров ауданының аудандық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72149) 4-13-78. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуы қамтиды:

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

– сотталғын өтелмеген немесе алынбаған;

– заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның бас-

шысы болған;

– бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

– байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадан Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталғын және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша аппаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 28.08.2025 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

область, город Караганда, улица Ержанова, дом 47/2, контактный телефон 8(7212) 51-26-72. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

6. В КІП на ПХВ «Высший медицинский колледж города Балхаш» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Балхаш, улица Желтоқсан, дом 23, контактный телефон 8(7212) 51-26-72. Деятельность предприятия – подготовка специалистов на основе государственных общеобразовательных стандартов образования. 3 вакантных места.

7. В КІП на ПХВ «Районная больница Осакаровского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Осакаровский район, поселок Осакаровка улица Школьная, дом 124, контактный телефон 8(72149) 4-13-78. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения (или по профилю организации (и/или) экономики/финансы (и/или) бизнеса (и/или) права не менее пяти лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации (и/или) экономики/финансы (и/или) бизнеса (и/или) права на руководящей должности не менее трех лет;
- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения (и/или) экономики (и/или) бизнеса (и/или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- являвшееся руководителем юридического лица бо-

лее одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;

– ранее совершившее коррупционное правонарушение;

– находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течение тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 28.08.2025 года.



Электрондық
пошта:
ortalyq.kaz
@mail.ru

Аймақ брендінің амбассадорлары



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жанар Қаңтарбаева сүт өнімдерін, Жаннұр Төлебаева жүннен жасалған көрпе мен кілемдерін, Лаура Жанабаева колөнер сабындарын, Меруерт Нұрланбекова керамикалық тактайшаларын, Алтынбек Аманжолұлы ерекше технологиямен жасалған матрастарын, Амантай Рысбек ет өнімдерін, Асланбек Жамалдинов ысталған етті, Дарияш Ильяшева биогумусты көрсетілімге қойды. Биогумус деген – көң және өсімдік қалдықтары сияқты органикалық қалдықтарды жауын құрттарымен өңдеу нәтижесінде пайда болатын

табиғи органикалық тыңайтқыш. Ол көрекстік заттарға, дәрумендерге және микроэлементтерге бай. Топырақ құрылымын жақсартады, құнарлылығын арттырады және саңырауқұлақтардан қорғайды. Заманауи тыңайтқышқа бүгінде шаруалар тарапынан сұраныс зор. Кандидаттар өндірістегі мәселелерін, алдағы жоспарларын бөлісіп, бренд-комитет мүшелерінің сұрақтарына жауап берді. Қазылар өнімнің табиғилығын, қаптамасын, санитариялық талаптарға сәйкестігін және идеялардың ерекшелігіне мән берді. Әсіресе дәстүрлі сақтауға және экологиялық бағытқа негізделген

жобаларға ерекше назар аударылды.

Нәтижесінде үш үздік кәсіпкер анықталды. Финалист атанғандар – жүн өнімдерімен Арайлым Қыстаубай, колөнер жинақтарымен Дәмелі Ермекова және сүт өнімдерімен Жанар Қаңтарбаева. Жеңімпаздарға өндірісті кеңейтуге және қажет болған жағдайда экспортқа шығуға «Атамекеннің

енгізу және өнімді нарыққа шығару бойынша көмек берілетінін айтты.

– Ақтық сынға шыққан үш қатысушы облыс атынан республикалық деңгейде өнер көрсетеді. Жоба микро және шағын бизнесті қолдауға бағытталған. Жеңімпаздардың әкім гранттары байқауына қатысуға, түрлі республикалық және халықаралық көрмелерге



салалық департаменттері тарапынан қолдау көрсетіледі.

Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов жеңімпаздарға өндірістік технологияларды үйрету, тауар таңбаларын әзірлеу, сапа стандарттарын

шакырту алуға мүмкіндігі бар. Бұл – шетел нарығына шығуға жол ашады, – деді Ернар Күлпейісов.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Арайлым Қыстаубай. 2. Жанар Қаңтарбаева. 3. Дәмелі Ермекова.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ЖӘДІГЕР

Жүген

Жылқыны салт мінуге және жегуге арналып қолдан жасалған, дәстүрлі үлгідегі әбзелдердің бірі – жүген. Қазақ поэзиясының Құлагері атанған Илияс Жансүгіров «Мінсең – жел, ішсең – қымыз, жесең – қазы» деп әспеттеген жылқыны көшпелі тұрмысында кеңінен қолданған ата-бабаларымыз осы түлікті басқару үшін ер-тұрман әбзелдерінің алуан түрін ойлап тауып, ұдайы жетілдіріп отырған. Ер-тұрманның осындай маңызды бөлшегі – жүген.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейінде сондай бір жәдігер сақтаулы тұр. Мекеме қызметкерлері XVIII ғасырдың бұйымы деп есептейтін жәдігер туралы музейдің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова айтып берді.

– Жүген табиғи былғарыдан жасалып, ерекше шеберлікпен дайындалған. Бұйымның маңдайлық, самайлық және ауыздық бөліктері толық сақталған. Әр тұсы ұлттық нақыштағы металл әшекейлермен сәнделіп, ою-өрнектермен көркемделген. Ауыздық бөлігі берік металл темірден жасалып, шығыршығына тізгін бекітілген. Мұндай ерекше сәнді жүгендер көбіне мерекелік, салтанатты жағдайларда пайдаланылған. Бұл жәдігер – қазақ халқының ер-тұрман жасау өнері, атбегілік дәстүрі қандай жоғары деңгейде болғанын айғақтады, – дейді Анаргүл Айткенқызы.

Шынында да, ер-тұрман әбзелдері халқымыздың көшпелі



өмір салтын, жылқы түлігіне деген құрметі мен ұлттық мәдениетінің айшықты белгісін танытады. Музей экспозициясында ер-тоқым, жүген, қамшы сияқты осындай жәдігерлердің болуы келушілерге халқымыздың тарихи тұрмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

СУРЕТТЕ: Нұра аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұрған жүген.

Сурет автордан

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» – жартылай финалда

Өмірлік «Сарыарқа» хоккей клубы Қазақстан кубогы аясындағы кезекті кездесуін жеңіспен аяқтап, аймақтың айыбын асырты. Бұл жолы хоккейшілеріміз көкшетаулық «Арланды» 4:3 есебімен тізе бүктірді. Олар қатарынан үш ойында жеңіс жолынан таймай, турнирдің жартылай финалына жолдама алды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойын қарқынды басталды. Алғашқы кезеңнің сегізінші минутында Виталий Божко Константин Пальмтаг пен Егор Наместниковтің әдемі пасын сәтті пайдаланып, есеп ашты. Бірінші жиырма минуттық тайм осы нәтижемен аяқталды. Есеп – 1:0.

Екінші кезеңде Александр Борисевич (ассистенттері – Тимофей Симонов пен Кирилл Пономарев) «Сарыарқаның» есебін еселеді. Дегенмен, «Арлан» командасының дойбышысы Денис Недилько мергендік танытып, есеп айырмасын қысқартты. Жанкүйерлердің кикуы қарағандылықтарға демеу білдірсе керек. Аз ойыншымен ойнаған сәттің өзінде Артем Лихотников мұз айдынында ерлік көрсетіп, тағы бір шайба соқты. Есеп – 3:1.

Үшінші кезеңде тартысты ойын шарықтау шегіне жетті. Эдуард Михайлов Сергей Барбашев пен Артем Лихотниковтің пасынан кейін төртінші шайбаны қарсылас қақпасына тоғытты. Осыдан кейін «Арлан» таускелге бел буып, қақпашысын да қапталға шығарып, шабуылға кірісті. Нәтижесінде ұтымды сәтті оңтайлы пайдалана біліп, қос бірдей ұпайды еншіледі. Есеп саны қысқарғанымен «Сарыарқа» айқын басымдықпен келесі кезеңге жолдама алды. Қорытынды есеп – 4:3.

Келесі кездесу бүгін 19:00-де өтеді. «Сарыарқа» өз алаңында қызылжарлық «Құлагерге» қарсы ойын өрнегін көрсетпек.

Сурет «Сарыарқа» хоккей клубының парақшасынан

• БОКС

Апалы-сіңілілердің алтыны

Ферғанада өткен бокстан қыздар мен жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнирде Шахтинск қаласының спортшылары апалы-сіңілі Камила және Аяулым Оспановалар өз салмақ дәрежесінде жүлделі бірінші орынға қол жеткізді.

Жарыста көршілес Өзбекстан, соның ішінде, Қарақалпақстан, сондай-ақ, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінің былғары қолғап шеберлері бақ сынады. Ұлттық құрамның сапында шахтинскілік Камила мен Аяулым Оспановалар сынға түсіп, намысты қолдан бермеді. Оларды бұл сайысқа әкесі Жеңіс Оспанов баптап, жаттықтырыпты. – Камила мен Аяулым екеуі де



Сурет ашақ деректен

үш рет белдесті. Олар ақтық сында өзбекстандық боксшылармен жұлдырықтасты. Олардың спортшылары өте мықты екені бәсеңден белгілі. Дегенмен, қыздарымыз да қарап қалмады. Тұрақты дайындықтың арқасында олар жеңіс тұғырынан көрінді, – деді Жеңіс Оспанов.

Бұл жарыстағы жеңіс арқылы біздің спортшыларымыз қазан айында Бахрейнде өтетін Азия ойындарына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Онда Аяулым 63 келі салмақ дәрежесінде, Камила 75 келіге дейінгі салмақта додаға түседі. Азия ойындарында барлық салмақ санаттары ұсынылмайды, сол себепті де сайыстың мәртебесі жоғары.

Өз тілшімізден

• ФУТБОЛ

Тең ойнап тарқасты

Бірінші лиганың 19-тур ойынында жергілікті «Шахтер» өз алаңында алматылық «Қайрат-Жастар» клубымен кездесу өткізіп, 3:3 есебімен тең түсті. Бұл матч Премьер-Лига жолдамасына таласып келе жатқан қос ұжым үшін де айрықша маңызға ие.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы таймда алматылық жастар алқымнан алғандай болды. Алтыншы минутта-ақ Мұхамбетәлі Әбіш серіктесінің пасын тиімді пайдаланып, есеп ашты. 23-минутта Иманғали Бекболат есепті еселей түсті. Ал, тура бірінші таймның қосымша уақытының аяқталуына сәл қалғанда Әбіштағы бір гол соғып, 0:3 есебімен алға шықты.

Өйткенмен, екінші таймда «кешілілер» өздерін қолға алып,

намысқа тырысты. 53-минутта Артем Литов гол соғып, жанкүйерлерге үміт ұялатса, 64-минутта Сұлтан Шымырхан Арман Нүсіптің дәл берген пасынан кейін есеп айырмасын қысқартты. Көп ұзамай, 68-минутта Арманның өзі де мергендік танытып, таразы басын теңестірді. Осылайша, «Шахтер» жанкүйерлерін керемет камбэкпен қуантты. Есеп – 3:3.

Бұл нәтиже «Шахтерге» аса тиімді бола қойған жоқ. Себебі, өткен турда «Ақтөбе-Ж» командасымен тең түскеннен кейін қарағандылықтар екінші орыннан алшақтаған еді. Алматылық жастардан ұпай жоғалту арқылы олар Премьер-Лигаға қайта оралу мүмкіндігіне секем алды. Дегенмен, «Шахтер» өз алаңында сенімді өнер көрсетіп келеді. Соңғы тоғыз матчтың жетеуінде жеңілмей, әр ойында орта есеппен 2,4 гол соғып жүр. Бұл дегеніміз, олардың әлі де Премьер-Лигаға шығуға күдер үзбегенін көрсетеді. Келесі ойын 29 тамыз күні.



Онда «Шахтер» өз алаңында «Алтай» клубымен кездеседі.

Сурет «Шахтер» футбол клубының сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м. а.
Қ.А. АЙТЖАН

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,

Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,

Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,

Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KQJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 478

№94 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ